

№8 Лекция Жоғарғы Қайта өрлеу өнеріне сипаттама

Дәрістің мақсаты: Жоғарғы Ренессанс дәуіріндегі өнер туралы түсінік қалыптастыру.

Кілт сөздер: Ренессанс, шіркеу, Джотто, Флоренция, Леонардо да Винчи

Дәрістің жоспары:

1. Қайта өрлеу дәуірі өнерінің қалыптасуының алғышарттары.
2. Ортағасырлық Италиян өнері
3. Еуропалық қайталанбас туындылардың пайда болуы

Қайта өрлеу дәуірі өнерінің қалыптасуының алғышарттары. Ренессанс кескіндемесінің пайда болу кезеңі деп Дученто дәуірін, яғни XIII ғасырдың соңын айтамыз. Проторенессанс дәуірі ортағасырлық романдық, готикалық және византиялық дәстүрлермен тығыз байланысты болды. XIII ғ. соңы – XIV ғ. басындағы суретшілер қоршаған орта шындығын айқын түсіне алмады. Олар өмір жайлы түсініктерін византиялық бейнелеу жүйесі арқылы, яғни жартасты таулар, символды ағаштар, шартты мұнаралар арқылы бейнеледі. Бірақ кей кезде сәулет құрылысының сыртқы бейнесі шынайы көрсетілген. Көп жағдайда дәстүрлі діни кейіпкерлер бейнесі кездеседі. Ендігі кезекте тегіс әрі үш өлшемді кеңістікте ой білдірудің жаңа әдістеріне деген ізденіс артады. Бұл кезеңнің шеберлері антика дәуіріндегі жарық-көлеңке формасын пайдаланады. Осының арқасында фигуралар мен ғимараттар көлем мен тығыздыққа ие болады.

Чимабуэ(Ассизидағы Сан Франческо шіркеуіндегі қабырға жазбаларының сериясы). Антикалық ықпалды қолданғандардың алғашқысы Чимабуэ аталып кеткен флорентиналық Ченни ди Пепо(1272-1302 ж. мәлімет бойынша) болды. Чимабуэ 20 жасында-ақ, яғни 1260 жылы салған Мадонна бейнесі алғашында Санта-Тринита шіркеуінде, ал қазір Флорентина Академиясында сақталған. Соған қарамастан сол дәуірдегі тоскан стиліндегі мадоннолардың бейнелері ескі стильде салынды, мысал ретінде Гвидо Сиенскийдің картинасындағы жаңа стиль ықпалын айтсақ болады. Чимабуэның заманауи картиналарында Құдай-Ана мен ұлы тек картинадан қарап тұрғандай бейнеленіп қана қоймай, олардың бір-біріне деген ыстық ықыласы да бейнеленген. Бұл жердегі жаңашылдық деп Құдай-Ананының тақта отыруын және періштерлерді ұзын бойлы, сымбатты ұзын киім киген ер жігіттер бейнесінде салу болып табылады. Өкінішке орай, оның негізгі еңбектері – Апокалипсис, Мария мен Петр апостолының өмірі туралы қабырға жазбаларының сериясы бізге бүлінген түрде жетті. Ассизидағы Сан

Франческо шіркеуі – кескіндеменің нағыз орталығы. Төменгі шіркеудің де, Жоғарғы шіркеудің де қабырғалары мен шатыры фрескалармен сәнделген. Бұл жерде Орталық Италия мен Тоскана кескіндемешілері үшін үлкен мүмкіндік ашылды. Жоғарғы шіркеудің орта нефының қабырғалары үш бөлікке бөлініп, қабырға жазбасы үшін қызмет етті. Жоғарғы екі бөлігі Қасиетті және Жаңа Өсиеттен алынған сюжеттермен сәнделген. Төменгі бөлігінде қасиетті Франческоның өмірі бейнеленген. Жоғарғы бөлігінде жұмақтан қуылу, Адам мен Ева бейнеленген. Орта бөлігінде Исак пен Иаков, Исаак пен Исав бейнеленген. Төменгі бөлігінде III Иннокентийдің ойы, Фра Леонның көрінісі салынған. Оның альтарлы композициясы жақсы сақталған, қазір Флоренция мен Луврда сақталған. Олар византиялық прототиптер бойынша жасалған, бірақ олардан діни кескіндемеге деген жаңа ұмтылыс байқалады. Чимабуэ XIII ғасырдағы византиялық дәстүрдегі италия кескіндемесі дамытты. Ол үйлесімді бастамалар мен образдардың эллиндік сұлулығын бейнелей алды. Қатаңдық пен яхематизм сызықтардың музыкалық иіріміне жол береді. Ортағасырлық кескіндемелерде періштелер белгі ретінде, Құдай-Анан бейнесінің атрибуты ретінде кішірек өлшеммен бейнеленді. Өмірінің соңғы жылдарында Чимабуэ Пизаға шақырылып, собордағы Христостың мозаикалы бейнесін салды. Оның атақ-даңқы Джотто дәуірінде ғана әлсіреді.

Джотто шығармашылығы (Падуस्ताғы дель Арена капелласының, Санта Кроче флорентиналық шіркеуіндегі қабырға жазбалары). Кескіндеменің дамуындағы жаңа процесстер Чимабуэ шығармашылығымен сипатталды. Бірақ өнер тарихын эволюциялық жолмен сипаттауға болмайды. Кей кезде ауытқушылықтар да байқалады. Ұлы суретшілер дәстүрлі жүйеге қарсы шыққан новаторлар болды. Осындай реформаторлардың бірі - XIV ғасырдағы итальян кескіндемешісі Джотто ди Бондоне(1266-1337). Ол жаңа кескіндеме жүйесінің негізін салушы, барша еуропалық кескіндемені өзгерткен және жаңа өнердің негізін қалаған тұлға болып табылады. Ол өзінің замандастарынан бірнеше саты жоғары тұр. Флорентинаның тумасы Италияның көптеген қалалары: солтүстігінде Падуядан Миланға дейін, оңтүстігінде Неапольға дейін барып жұмыс істеген. Джоттоның бізге жеткен таңдаулы шығармаларының ішінде ерекшесі – Падуядағы капелла дель Аренадағы қабырға жазбалары. Бұл кескіндеме ансамблі – Еуропа өнерінің тарихындағы жеке бір кезеңдік шығармасы. Ортағасыр кескіндемесіне тән жеке көріністер мен фигураларды бейнелеудің орнына Джотто жалпы эпикалық циклды бейнелеуге тырысты. Христос пен Марияның өмірінен 38 көрініс бір сурет болып бейнеленген. Джотто византиялық алтын фонның орнына пейзаждық фонды пайдаланды. Фигуралар қарқынды қозғалыста бейнеленген. Ол рельефтерді реттеп, негізгі фонды жарық етеді. Оның фонды ашық етіп, сурет

салуда ашық түсті бояуларды қолдануы XVI ғасырда итальяндық кескіндеме өнерінің жетекші түрі болды. Джоттоның кейінгі көптеген фрескалық циклдарының ішінде бізге жеткені – флорентиналық шіркеудегі екі капелла. Олар XII-XIII ғасырларда өмір сүрген, кедей монахтар орденінің негізін қалаушы қасиетті Франциск Ассизскийге арналған. Қасиетті Франциск адамның жаңа көзқарастарын қалыптастырушы болды. Ол үшін адам – өзінің махаббатымен әлемді тірілтетін құдайдың сыйы. Ол өмірдің күнәларын айыптамай, керісінше құдаймен үйлесімді алға тартты. Джоттоның кескіндемеде енгізген реформасы замандастарына да ықпал етті. Ол туралы пікір бүкіл Италия жеріне таралды.

Флорентиналық, умбриялық, солтүстік-итальяндық, венециандық кескіндеме мектептері. Фра Анжелико, Пьеро дела Франческа, Сандро Боттичелли кескіндемелері («Рождение Венеры», «Весна»). Италия өнеріндегі жетекші орында флорентиналық мектеп болды. Оның консервативті ағымдары да болды. Бұл бағыттың кейбір өкілдері монах болғандықтан, өнер тарихында оны монастырлық деп те атайды. Олардың ішінде ең атақтысы Джованни Беато Анжелико да Фьезоле фрасы(аға – монахтардың бір-біріне айтатын сөзі) болды. оның библиялық бейнелері ортағасырлық дәстүрде салынды. Оның пейзаждары Қайта өрлеу дәуіріне тән сипатта салынады. Ол қабырға мен тақтайларға сурет алып, оны сәндей білді. Оның шығармашылығы алғашында миниатюра түрінде, яғни нағыз монастырлық өнер түрінде дамыды. Кейінгі Кватроченто кескіндемесінің негізгі сипаты – мектептер мен бағыттардың көптігі. Бұл кезеңде флорентиналық, умбриялық (Пьеро делла Франческа, Пинтуриккью, Перуджино), солтүстік-италиялық (Андре Мантенья), венециандық (Антонелло да Мессина, Джованни Беллини) мектептері қалыптасты. Флорентиналық рухтағы Умбрияның алғашқы шебері – Борго ди Сан-Сеполькродан келген Пьера дела Франческа. Оның ақылмен жасалған, ракурстары анық фигуралары заманауи пленэрлерге ұқсас. Оның ертеректегі еңбектеріне Риминидегі Сан-Франческо шіркеуінде орналасқан Сигисмондо Малатестаның тізерлеп отырған бейнесі бар фреска жатады. 1460 жылдан кейін салынған Урбинский Федерико герцог пен оның әйелі Батиста Сфорцтың көк аспан мен пейзажда бейнеленген суреті екі майлы бояу Уффицида сақталған. Сол кезеңде «Рождество христово» картинасы да туындады. Кватроченто суретшілерінің ішінде Сандро Боттичелли(1445-1510) Лоренцо Медичидің эстетикалық идеалын бейнелеуге тырысады. Бұл билеушінің сарайы көркемөнер мәдениетінің орталығы, философ, ғалымдар мен суретшілердің отаны болды. Ол жер сұлулығының бейнесіндегі құдайлар салған. Оның атақты екі картинасы бар: «Рождение Венеры», «Весна». Бұл

шығармалардан Боттичеллиге тән әйел бейнесін көре аламыз: беттің ұзын пішіні, ұзын мұрын, жоғары көтерілген қастар мен үлкен, кең ашылған көздер. Боттичелли нәзіктік пен қатаңдықты, сезім мен руханлықты бейнеледі. Боттичеллидің картиналарында жасырын эмоционалды сезім көрінеді. Бұл эмоционалдық әсер – Боттичелли өнерінің құпиясы. Ол - өнер тарихындағы поэтикалық суретшілердің бірі. Ол символикалық, аллегориялық тақырыптарды ыммен білдіруге тырысады. Тіпті портретті кескіндемеде де өзінің қиылын қосуға тырысты. Осылайша ол флорентиналық Кватрочентоның негізгі белгілеріне қарсы тұрды. Ерте Ренессанс 100 жылдай уақытқа созылды. Оның соңғы кезеңі 30 жылға созылған Жоғарғы Ренессанс болды. Бейнелеу өнерінің негізгі орталығы Рим болды. XV-XVI ғасырларда Италиядағы шетел интервенциясы қарқынды болды. Бірақ Италия халқының патриоттық сезімдері арта түсіп, ұлттық бірігуге деен ұмтылыс байқалды. Бұл Жоғарғы Ренессанс мәдениеті халыққа негізделді. Рим папаларының саяси әсері мен табысы ұлттық бірігуге қарсылық көрсетіп, Жоғарғы Ренессанс мәдениетінің орталығы болды.

Италиядағы Қайта өрлеу дәуірі өнері; Флоренция, Рим, Венеция қалалары. XVI ғасырда Италияда ренессанстық көзқарас үстемдік етті. Ол барлық білімді қоғамның, қалалықтардың, ақсүйектер мен діни қызметкерлердің ортақ жетістігі болды. Бірақ Жоғарғы Қайта өрлеу дәуірінің мәдениеті – қала коммуналарының мәдениеті емес, үлкен патрициандық орталықтардың мәдениеті. Кватроченто идеалдарына негізделген реалистік өнерден бөлек, сарайлық ақсүйектер мәдениетінің орталығымен байланысты консервативті бағыттар да дамыды. Италиялық мемлекеттер күш-жігерінен айрылып, европалық монархиялардың жемтігіне айналған 1530 жыл Чиинквечентоның аяқталуы болып саналады. Өнеркәсіп төңкерісіне емес, халықаралық саудаға арқа сүйеген Италиядағы әлеуметтік-саяси және экономикалық дағдарыс бұрыннан бері дайындалған еді. Осы дағдарыс кезінде итальяндық Ренессанс – Жоғары Ренессанс дәуірі басталады. Осы сәттен бастап Италияның гуманистік мәдениеті әлемдік мұраға айналды. Италия суретшілері әлемге әйгілі болды. Егер Кватрочентон өнері – анализ, ізденіс, табыс, жаңалық болса, Жоғарғы Ренессанс өнері – нәтиже, синтез, ересектік. Кватроченто кезеңіндегі көркем идеалды іздеу өнердің жалпылануына, жалпы заңдылықтардың пайда болуына әсер етті. Жоғарғы Ренессанс өнерінің басты ерекшелігі – жалпылама образ мүддесі үшін жеке бөлшектерден бас тарту. Чинквеченто шеберлерінің ізденістері мен тәжірибелері жалпылама көрсетіледі. Жоғарғы Ренессанс суретшілерінің реалистік әдісі әртүрлі. Олар маңызды дүние тек әсемдікпен сәнделуі керек деп есептеді. Олар күнделікті дүниені емес, тылсым дүниелерді көруге

ұмтылады. Италияндық суретшілер батыл тұлғаларды, рухы сықты адамдарды бейнелеуге тырысты. Бұл әлемдік мәдениетке Леонардо, Рафаэль, Микеланджело шығармашылықтарын сыйлаған Қайта Өрлеу дәуірі титандарының дәуірі болды. 3 тарих, 3 түрлі тұлға, өнерлері әртүрлі суретшілер Қайта Өрлеу дәуірінің құндылығын көрсетеді. Бұл суретшілердің тағдырларында да ұқсастықтар бар. Үшеуі де флорентиналық мектептің өкілдері, кейін сарайларды қызмет етті. Олардың арқасында суретшілер қоғамда айтарлықтай маңызға ие болды. Оларды білімді адамдар қатарына жатқызды.

Қайта Өрлеу дәуірінің титандары. Леонардо да Винчи: «Мона Лиза», «Тайная вечеря», «Мадонна в гроте». Сфуматто техникасы. Ол бейнелеу өнері мен ғылым данышпаның біріктірді. Леонардо табиғатты өнер үшін емес, ғылым үшін зерттеген адам болды. Сондықтан Леонардоның бізге жеткен аяқталған шығармалары аз. Ол картиналарды салып бастап, мәселенің мән-жайын түсінген соң аяқтамайтын болған. Милан сарайындағы ғылыми ізденістер, инженерлік қызмет, мерекелік сәндеулер Леонардоға кескіндемемен айналысуға мүмкіндік бермеді. Оның аяқталған шығармалары аз – бірнеше картина, «Тайная вечеря» фрескасы, көптеген суреттер мен үлгілер. Леонардоның идеялары көп болғанымен, ол оларды жүзеге асырмай, тек жобасын ғана сызып қалдырып отырды. Ал егер шығармасын аяқтағысы келсе, оған бірнеше жыл уақытын жұмсайтын болған. Бірақ оның әрбір туындысы өнер үшін жаңалық ретінде қабылданды. Оның «Мадонна в гроте» шығармасы – Жоғарғы Ренессанстың алғашқы монументалды алтарлы композициясы. Бұл картина жоғарғы бөлігі шеңберленген терезе пішіндес болды. Мария, кішкентай Христос кішкентай Иоан Креститель мен періште фигуралары үнгір ішінде тұрғандай ауа кеңістігі бейнеленген. Кескіндемедегі бұл ерекше белгі «сфуматто» - ауа кеңістігі барлық фигураларды қоршап тұрып, контурды жұмсартады. Өнердегі жаңа кезең деп Санта Мария делль Грация монастыріндегі «Тайная вечеря» тақырыбындағы қабырға жазбалары болды. «Тайная вечеря» - Жоғарғы Ренессанс бағдарламасын жүзеге асыратын классикалық өнердің классикалық бұрышты тасы. Леонардоның басты туындысы үлкен психологиялық күшке ие. Леонардоға дейінгі суретшілердің ешқайсысы да тайная вечеряда әртүрлі адамдардың, тұлғалардың, темпераменттердің эмоционалды бейнесін пайдаланып, ұлы сәттің ортақ ойын білдіруге тырыспады. 12 апостол, 12 түрлі мінез рухани күйзеліс кезінде әртүрлі әрекет жасайды. Олардың қозғалыспен көрсетілген эмоционалды реакциялары арқылы адамдардың көкейіндегі махаббат пен жек көру, адалдық пен сатқындық, қанағат пен оңбағандық туралы сауалдарға жауап береді. Әлемдегі ең атақты шығармалардың бірі – Леонардоның «Джокондасы». Дель

Джокондо деген саудагердің әйелінің портреті жүздеген жылдар бойы көпшілік назарын аудартып, ол туралы көптеген пікірлер жазылды, оны ұрлап та жатты, көшірмесін де жасатуға тырысты, тылсым күшке ие деп те айтты. Джоконданың түсініксіз бет әлпетін нақты көшіріп салу мүмкін емес. Ерін бұрыштарындағы кішкене өзгеріс оған басқа сипат сыйлайды. Әртүрлі репродукцияларда Джоконда әртүрлі бейнеленген. Мона Лиза бейнесінің басты ерекшелігі оның көрермен көз алмай қарап тұрған көздері мен жартылай күліп тұрған бейнесінде. Бұл портрет ренессанс өнерінің таңдаулы туындысы болды. өнер тарихында алғаш рет портрет пен діни тақырыптағы композициялар қатар тұрды.

Микеланджело: Сикстин капелласының қабырға жазбалары, «Страшный суд». Мүсін өнері: «Давид». Микеланджелоның шығармашылығында Ренессанс стилінің бұзылуы мен жаңа көркемөнер түсінігінің қалыптасуы байқалады. Микеланджело Буонарроти(1475-1564) ұзақ, батыл және қиындыққа толы өмір сүрді. Оның данышпандылығын сәулет, кескіндеме өнерлері, поэзия, әсіресе мүсін өнерінде байқалады. Оның ойынша, адамның денесі бейнелеуге тұратын басты объект болып табылады. Микеланджело өнері күрескер адамды, оның ерлік әрекеттерін сипаттауға бағытталған. Оның өнері тар көрермендер аясы үшін емес, көпшілік үшін еді. Оның еңбектерінің ең атақтысы Сикстин капелласындағы қабырға жазбалары болды. Микеланджело 4 жыл ішінде жалғыз өзі 600м² көлемді сәнделді. Қабырға жазбасы қасиетті тарих көріністерімен сәнделген. Микеланджело барлығы 200 фигура мен фигуралы композиция бейнеледі. Оның басты кейіпкерлері – тірі адамдар, олардың тылсым күштері жоқ, бірақ олар мықты титандық тұлғалар. Бұл қабырға жазбасы болашақ мүсіншілер үшін үлгі болды. Фигуралар кеңістікте емін-еркін қозғалады. Кеңістік пен қозғалыстың иллюзиясы европалық өнердің басты жетістігі болды. Микеланджелоның қабырға мен төбе артқа ауысып, декорация алдыңғы орынға шыға алатының дәлелдеуі кейінгі барокко өнерінде де қолданылды. Микеланджело жұмыс істеген тарихи жағдай күрделі болды. Оған тапсырыс беруші папалар бірінен соң бірі ауысып жатты. Микеланджелоның өзі болса контрреформация саласында ренессанстық гуманизм идеясы бойынша дағдарысқа түсті. Оның тұсында Флоренция, Рим сияқты ірі қалалардың құлауы орын алды. Көптеген тарихи, рухани өзгерістердің куәсі болған Микеланджелоның шығармашылығы осы тақырыптарды қозғады. Қартайған шағында Микеланджело Сикстин капелласындағы қызметіне қайта оралып, «Страшный суд» трагедиялық шығармасын салды. Бұл қабырға жазбасы гуманистік идеалдар дағдарысы мен контрреформацияның қалыптасуының көрінісі

болды. Композиция ортасында Христос, ал жан-жағында сот алдында тұрған күнәһарлар. Кескіндемеде қорқыныш, жабырқау, үмітсіздік бейнеленген.

Рафаэль: «Сикстин мадоннасы», «Мадонна в зелени», «Мадонна с щегленком». Папаның Ватикандағы апартаментіндегі қабырға жазбалары. Қайта өрлеу дәуірінің монументалды өнерінің идеялары Рафаэль Санти(1483-1520) шығармаларында көрініс тапты. Леонардо классикалық стильдің негізін қаласа, Рафаэль оның нақтылап бекітті. Рафаэльдің өнерін «алтын орта» деп те атайды. Оның туындылары пропорцияларының үйлесімділігімен көзге түседі. Бес ғасыр бойы Рафаэльдің өнері адамның рухани өмірін жоғары деңгейде бейнеленгендігімен сипатталды. Рафаэльдің шығармашылығында классиканың анықтық, қарапайымдылық, үйлесімділік сипаттары орын алған. Оның шығармашылығы Ренессанс дәуірінің рухани мәдениетімен байланысты. Ол Леонардодан 30 жасқа кіші, бірақ онымен бір уақытта қайтыс болды. сол қысқа ғұмырында ол суретші, сәулетші, монументалист, портрет және көпфигуралы композиция шебері, талантты декоратор ретінде танылды. Браманте сәулетшінің өлімінен кейін ол Қасиетті Петр соборының бас сәулетшісі болып, Римдегі археологиялық қазба жұмыстарын басқарды. Соған қарамастан, тарихта ол «Мадонна в зелени», «Мадонна со щегленком», «Мадонна в кресле» туындыларының авторы ретінде белгілі. Оның шеберлігінің шыңы Пьяченцедегі бенедиктиндік монастырь үшін 1516 жылы салынған «Сикстин мадоннасы» болды. Рафаэльдің монументалды шығармаларының ішінде ең атақтысы – папаның ватикандық апартаменттерінің қабырға жазбалары. Көпфигуралы ірі көлемді композициялар үш залдың да қабырғаларын жауып тұр. Қабырға жазбаларын салуда Рафаэльге шәкірттері көмектесті. «Афинская школа» сияқты тамаша фрескаларды шебердің өзі салды. Жазба сюжеті адамдардың рухани қызметінің: философия, поэзия, құдайға қызмет ету фреска-аллегориясы болды. Рафаэльдың картиналары мен фрескаларында христиан образдарының, антикалық аңыздар мен адамзат тарихының бейнелері салынған. Ол тұрмыс пен қиялды үйлестіре білді. Ол христиан және тіл әлемдерін біріктіре білді.

1. Бақылау сұрақтары

- 1.«Проторенессанс» терминін түсіндіріңіз
- 2.Чимабуэ шығармашылығы
- 3.Джотто кескіндемесіндегі еуропалық кескіндемелерге тән емес ерекшеліктер
- 4.Не себепті Мазаччо Кватрочентоның негізін қалаушы болып есептеледі?
5. Ерте Ренессанс дәуірінде Италияда болған кескіндеме мектептеріне тоқталыңыз

6. Сандро Боттичеллидің атақты картиналары

2. Әдебиеттер:

1. Андросов С. Андреа Верроккьо: 1435-1488/С. Андросов. – Л.: Искусство, 1984.
2. Искусство Средних веков и Возрождения: Энциклопедия/ Автор-сост.О.Б. Краснова. – М.: ОЛМА-ПРЕСС, 2001.
3. Мастера мировой живописи: Великие художники XI-XVIII века/ Под ред. Е.Д. Федотовой. – М.: Белый город, 2002.
4. Мировая культура и искусство: электронный учебник. – М.: издательский дом «РАВНОВЕСИЕ», 2007.
5. Большая иллюстрированная энциклопедия истории искусств. –М.: Махаон, 2007.